

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін

МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолу нәтижелері жөніндегі есеп

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп	1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп	3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп	5
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп	6-7
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген).....	8-43



Building a better
working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру нәтижелері туралы есеп

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлері мен Басшылығына:

Кіріспе

Біз «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның және оның еншілес кәсіпорындарының қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған үш және тоғыз айлық үшін жиынтық кіріс туралы тиісті аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған тоғыз айлық кезең үшін капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті аралық қысқартылған шоғырландырылған есептерден және таңдаулы түсіндірме ескертпелерден тұрады. Басшылық 34 (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік жөнінде қорытындыны қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудитору орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Гульмира Турмагамбетова
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 1998 жылғы 21 ақпандағы
№0000374 біліктілік куәлігі



Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2018 жылғы 19 қараша

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	2018 жылғы 30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) (қайта есептелгені)*
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	4.153.245.892	4.080.164.484
Барлау және бағалау бойынша активтер		253.211.231	253.326.100
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		24.096.838	27.423.225
Материалдық емес активтер		186.870.038	185.205.427
Ұзақ мерзімді банк салымдары	6	51.172.651	48.523.034
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	7	4.593.395.386	3.823.629.586
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер		102.561.006	98.680.503
Өтелуге жататын ҚҚС		112.698.518	96.666.045
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		221.777.719	124.906.942
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	9	631.984.158	672.448.689
Басқа да қаржы активтері		4.921.630	4.161.312
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		19.911.801	17.401.423
		10.355.846.868	9.432.536.770
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар		284.365.173	250.368.907
Өтелуге жататын ҚҚС		51.351.657	69.605.981
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		25.015.119	36.134.973
Сауда дебиторлық берешек	8	799.040.926	467.867.255
Қысқа мерзімді банк салымдары	6	331.434.934	1.638.940.642
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	9	148.014.721	169.501.500
Өзге де ағымдағы активтер	8	147.814.113	196.110.129
Ақша қаражаты мен оның баламалары	10	1.545.413.381	1.263.987.456
		3.332.450.024	4.092.516.843
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		105.237.373	24.904.588
		3.437.687.397	4.117.421.431
Активтер жиыны		13.793.534.265	13.549.958.201

Есеп саясаты және 8-43 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**

Мың теңгемен	Ескерт.	2018 жылғы 30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) (қайта есептелгені)*
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	11	916.540.545	709.344.505
Қосымша төленген капитал	11	40.659.141	243.876.410
Басқа да капитал		83.185	83.185
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		1.568.867.237	1.295.091.189
Бөлінбеген пайда		4.253.588.377	3.665.191.668
Бас компанияның акционерлеріне жататын		6.779.738.485	5.913.586.957
Бақыланбайтын қатысу үлесі	11	158.564.311	870.017.901
Капитал жиыны		6.938.302.796	6.783.604.858
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	12	3.642.219.825	3.417.111.859
Резервтер		213.520.944	203.774.487
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер		444.753.385	380.738.225
Қаржы кепілдігі		12.671.640	10.767.166
Мұнай жеткізіліміне алынған аванстар	13	544.605.001	581.577.501
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		25.118.257	46.426.823
		4.882.889.052	4.640.396.061
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	12	494.648.502	884.140.278
Резервтер		96.530.424	78.812.199
Төленуге жататын табыс салығы		52.089.666	10.081.239
Сауда кредиторлық берешек	14	635.145.233	513.851.048
Төленуге жататын өзге де салықтар		116.861.114	101.198.347
Қаржы кепілдігі		1.643.699	1.170.697
Мұнай жеткізіліміне алынған аванстар	13	363.070.000	332.330.000
Өзге ағымдағы міндеттемелер	14	166.683.523	202.444.812
		1.926.672.161	2.124.028.620
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге қатысты міндеттемелер		45.670.256	1.928.662
Міндеттемелердің жиыны		6.855.231.469	6.766.353.343
Капитал мен міндеттемелер жиыны		13.793.534.265	13.549.958.201
Бір акцияның баланстық құны	11	11,066	11,195

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 4-ескертпеде келтірілген.

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы

Бас бухгалтер



Есеп саясаты және 8-43 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескерт.	30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін		30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін	
		2018 жыл (аудит жүргізілмеген)	2017* жыл (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелгені)	2018 жыл (аудит жүргізілмеген)	2017* жыл (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелгені)
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер	15	1.860.262.849	1.147.154.859	5.206.760.369	3.213.523.652
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	16	(1.363.059.466)	(902.069.144)	(3.966.300.337)	(2.468.460.970)
Жалпы пайда		497.203.383	245.085.715	1.240.460.032	745.062.682
Жалпы және әкімшілік шығыстар	17	(67.583.391)	(40.473.804)	(175.316.498)	(93.428.577)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	18	(177.757.310)	(93.387.818)	(481.659.674)	(286.388.962)
Гудвилден басқа, негізгі құралдардың, барлау және бағалау жөніндегі активтердің, материалдық емес активтердің құнсыздануы	19	(1.860.305)	(786.866)	(41.556.254)	(4.185.504)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто		(625.679)	(486.837)	(2.093.713)	(1.507.359)
Басқа да операциялық кіріс		5.298.366	6.584.103	14.465.592	14.093.511
Басқа да операциялық шығыстар		(6.439.395)	(2.713.562)	(14.990.170)	(16.690.145)
Операциялық қызметтен болған пайда		248.235.669	113.820.931	539.309.315	356.955.646
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто		(22.250.319)	63.795.716	(21.391.671)	82.647.665
Қаржылық кіріс	19	27.970.331	33.349.720	139.227.062	90.302.818
Қаржылық шығындар	19	(74.539.042)	(76.526.842)	(349.538.836)	(219.826.688)
Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануын қалпына келтіру		-	-	-	14.686.162
Еншілес компанияның шығуынан/сатып алынуынан болған пайда/(залал)		15.109.600	-	18.358.902	(3.249.292)
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	20	195.597.852	105.487.566	532.916.863	285.169.236
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		390.124.091	239.927.091	858.881.635	606.685.547
Табыс салығы бойынша шығыстар	21	(95.551.936)	(52.522.862)	(202.973.674)	(142.353.927)
Жалғасып отырған қызметтен кезеңде болған пайда		294.572.155	187.404.229	655.907.961	464.331.620
Тоқтатылған қызмет					
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейінгі кезең үшін залал		(6.052.685)	(5.361.885)	(7.681.797)	(9.999.406)
Кезеңдегі таза пайда		288.519.470	182.042.344	648.226.164	454.332.214
Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда:					
Бас компанияның акционерлеріне		277.239.642	142.272.404	625.788.531	382.994.512
Бақыланбайтын қатысу үлесі		11.279.828	39.769.940	22.437.633	71.337.702
		288.519.470	182.042.344	648.226.164	454.332.214

Есеп саясаты және 8-43 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**

Мың теңгемен	Ескерт.	30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін		30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін	
		2018 жыл (аудит жүргізілмеген)	2017* жыл (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелгені)	2018 жыл (аудит жүргізілмеген)	2017* жыл (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелгені)
Басқа да жиынтық кіріс					
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс:</i>					
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма					
		216.091.137	116.707.012	280.163.978	2.463.901
Есептен шығару тобының жинақталған бағамдық айырмасы					
		-	-	(475.673)	(423.776)
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс					
		216.091.137	116.707.012	279.688.305	2.040.125
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс(шығын):</i>					
Топтың белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық кірістерді/(зияндарды) қайта бағалау					
		-	-	22.422	(37.718)
Бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық (зияндарды)/кірісті қайта бағалау					
		(303.442)	67.135	(169.730)	(103.399)
Мерзімі ұзартылған салық активтерін есептен шығару					
		-	-	-	(150.746)
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық (зиян)/кіріс					
		(303.442)	67.135	(147.308)	(291.863)
Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс					
		215.787.695	116.774.147	279.540.997	1.748.262
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны					
		504.307.165	298.816.491	927.767.161	456.080.476
Мыналарға келетін кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс:					
Бас компанияның акционерлеріне					
		488.625.025	245.180.047	899.417.158	377.824.265
Бақыланбайтын қатысу үлесі					
		15.682.140	53.636.444	28.350.003	78.256.211
		504.307.165	298.816.491	927.767.161	456.080.476

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2017 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 4-ескертпеде келтірілген.

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры



Д.С. Қарабаев

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы

А.Ж. Беквазарова

Бас бухгалтер

Б.Е. Орынбаев

Есеп саясаты және 8-43 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

Мың теңгемен	30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін	
	2018 жыл (аудит жүргізілмеген)	2017 жыл (аудит жүргізілмеген)
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары		
Сатып алушылардан түсімдер	5.404.279.748	3.815.838.442
Өнім жеткізушілерге төлемдер	(3.641.708.162)	(2.532.449.104)
Басқа да салықтар мен төлемдер	(921.437.751)	(637.191.444)
Төленген табыс салығы	(83.425.232)	(61.620.231)
Алынған сыйақы	98.046.645	74.139.171
Төленген сыйақы	(173.551.080)	(124.944.352)
Жұмыскерлерге төлемдер	(284.426.076)	(264.594.295)
Әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы жарналары	(41.015.870)	(38.693.826)
Салық органдарына салықтарды қайтару	21.518.224	67.850.450
Басқа да төлемдер, нетто	(65.403.779)	(11.208.157)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсуі	312.876.667	287.126.654
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары		
Банктердегі салымдардың таза алынуы/(орналасуы), нетто	1.323.352.390	(734.394.280)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлік пен барлау және бағалау бойынша активтерді, төленген аванстарды қоса, сатып алу	(310.826.458)	(286.337.220)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлік пен барлау және бағалау бойынша активтерді сатудан түскен ақша қаражаты	8.053.620	690.875
Еншілес ұйымдардың есептен шығарылуынан түскен түсімдер	17.967.179	-
Сатып алынған еншілес ұйымның ақша қаражаты	-	180.678
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер (7-ескертпе)	137.058.771	70.581.239
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды есептен шығару/(сатып алу)	1.999.889	(2.625)
Бірлескен кәсіпорындарға (қосымша салымдар)/салымдарды қайтару, нетто	(977.291)	1.714.856
Байланысты тараптардан алынған қарыздарды қайтару	30.409.110	454.283
Басқа да қаржы активтерін қайтару	172.053	-
Қауымдасқан компаниядан алынатын вексель	24.113.396	-
Байланысқан тараптарға берілген заемдар	(50.829.294)	(164.377.696)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	1.180.493.365	(1.111.489.890)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары		
Қарыздар бойынша түсімдер	1.266.750.499	1.461.048.047
Қарыздарды өтеу	(1.905.738.978)	(537.491.564)
Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкіне төленген дивидендтер	(36.273.040)	(45.877.366)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне төленген дивидендтер	(6.334.007)	(12.383.659)
Еншілес компанияның меншікті акцияларын сатып алу (11-ескертпе)	(634.209.527)	-
Акциялар шығару	7	1
Қаржылық қызметте ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	(1.315.805.046)	865.295.459
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	108.223.224	49.010.912
Құнсыздану резервиндегі өзгеріс	(40.474)	-
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	285.747.736	89.943.135
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	1.266.604.815	905.452.511
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	1.552.352.551	995.395.646

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы

Бас бухгалтер


Д.С. Қарыбаев

А.Ж. Бекназарова

Б.Е. Орымбаев

Есеп саясаты және 8-43 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді						Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Бақылан-байтын қатысу үлесі	
2016 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) (қайта есептелгені) (4-ескертіле)	696.376.625	243.655.405	222.074	1.370.264.462	3.322.319.176	801.560.097	6.434.397.839
Кезеңдегі таза пайда (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелгені) (4-ескертіле)	-	-	-	-	382.994.512	71.337.702	454.332.214
Басқа да жиынтық (залал)/кіріс (аудит жүргізілмеген)	-	-	-	(4.893.561)	(276.686)	6.918.509	1.748.262
Кезеңдегі жиынтық (залал)/кіріс жиыны	-	-	-	(4.893.561)	382.717.826	78.256.211	456.080.476
Акцияларды шығару	12.967.880	210.980	-	-	-	-	13.178.860
Дивидендтер	-	-	-	-	(45.877.366)	(13.269.567)	(59.146.933)
Самұрық-Қазынаның бөлуі	-	-	-	-	(3.631.340)	-	(3.631.340)
Еншілес кәсіпорындардағы үлестік құралдарды алу	-	-	(7.988)	-	-	(4.689)	(12.677)
Самұрық-Қазынамен операциялар	-	-	-	-	(3.853.053)	-	(3.853.053)
Акциялар негізіндегі төлемдер бойынша опциондарды орындау	-	-	(120.191)	-	-	120.191	-
2017 жылдың 30 қыркүйегіне (аудит жүргізілмеген)	709.344.505	243.866.385	93.895	1.365.370.901	3.651.675.243	866.662.243	6.837.013.172

Есеп саясаты және 8-43 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді							Жиыны	Жиыны	Бақылан- байтын қатысу үлесі	Жиыны	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақылан- байтын қатысу үлесі					
2017 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) (қайта есептелгені) (4-ескертпе)	709.344.505	243.876.410	83.185	1.295.091.189	3.665.191.668	5.913.586.957	870.017.901	6.783.604.858				
Есеп саясатындағы өзгерістер (2-ескертпе)	-	-	-	-	(12.391.462)	(12.391.462)	(6.195)	(12.397.657)				
2018 жылдың 1 қаңтарына (қайта есептелген)	709.344.505	243.876.410	83.185	1.295.091.189	3.652.800.206	5.901.195.495	870.011.706	6.771.207.201				
Кезеңдегі таза пайда (аудит жүргізілмеген)	-	-	-	-	625.788.531	625.788.531	22.437.633	648.226.164				
Басқа да жиынтық кіріс/(залал) (аудит жүргізілмеген)	-	-	-	273.776.048	(147.421)	273.628.627	5.912.370	279.540.997				
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	273.776.048	625.641.110	899.417.158	28.350.003	927.767.161				
Жарғылық капиталға жарна (11-ескертпе)	207.196.040	(203.217.269)	-	-	-	3.978.771	-	3.978.771				
Дивидендтер (11-ескертпе)	-	-	-	-	(36.271.669)	(36.271.669)	(6.200.598)	(42.472.267)				
Самұрық-Қазынаның бөлуі	-	-	-	-	(3.519.729)	(3.519.729)	-	(3.519.729)				
Самұрық-Қазынамен операциялар (11-ескертпе)	-	-	-	-	(84.448.814)	(84.448.814)	-	(84.448.814)				
Еншілес компанияның меншікті акцияларын сатып алу (11-ескертпе)	-	-	-	-	99.387.273	99.387.273	(733.596.800)	(634.209.527)				
2018 жылдың 30 қыркүйегіне (аудит жүргізілмеген)	916.540.545	40.659.141	83.185	1.295.091.189	4.253.588.377	6.779.738.485	158.564.311	6.938.302.796				

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы

Бас бухгалтер



Есеп саясаты және 8-43 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания», «ҚазМұнайГаз» немесе – «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 Қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ЖАҚ Ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ көлігі» Ұлттық компаниясының қосылуы нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестері ҚазМұнайГазға берілді. 2004 жылдың наурызында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық») болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қорымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-ын (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚР Ұлттық Банкі») Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 10%-ын және бір акциясын сатып алды. 2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкі Компанияның тиісінше 90,43% және 9,57% акцияларына иелік етеді.

2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Компанияның 53 операциялық компанияда қатысу үлестері болды (2017 жылғы 31 желтоқсанда: 52) (бұдан әрі – «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай Батыр даңғылы, 19.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында мемлекеттің саясатына қатысу;
- мұндай келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры және Бас бухгалтер 2018 жылғы 19 қарашада бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік № 34 Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес (бұдан әрі мәтін бойынша – «34 ХБЕС») дайындалды. Осы аралық қысқартылған қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Топты білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») білдірілген.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, шетел валютасындағы операциялар бойынша Топтың таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топтың кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) қызметінің қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

ҚҚБ 2018 жылғы 30 қыркүйектегі және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін тиісінше 363,07 және 332,33 теңгені құрады. Бұл бағамдар 2018 жылдың 30 қыркүйегіне және 2017 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды. ҚҚБ 2018 жылғы 19 қарашадағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 367,3 теңгені құрады.

Жана стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2018 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Топ «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ХҚЕС (IFRS) пен «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолдануда. 34 ХҚЕС-тің (IAS) талаптарына сай мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері туралы ақпарат төменде ашылып көрсетілген.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

Сондай-ақ Топ алғаш рет 2018 жылы кейбір басқа да түзетулер мен түсіндірмелерді қолданды, бірақ олар Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 ХҚЕС (IFRS) «Құрылыс шарттары» 11 ХҚЕС-ті (IAS), «Түсім» 18 ХҚЕС-ті (IAS) әрі тиісті түсіндірмелерді ауыстырады және шарттар басқа стандарттардың қолданылу аясына жататын жағдайлардан басқа, сатып алушылармен жасалған шарттарға орай туындайтын кез келген түсімге қатысты қолданылады. Сатып алушылармен жасалған шарттарға орай туындайтын түсімді есепке алу үшін жаңа стандарт бес кезенді қосатын модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады.

Стандарт ұйымдар сатып алушылармен жасалған шарттарға қатысты модельдің әрбір кезеңін қолдану кезінде пайымдауды қолдануын және барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескеруін талап етеді. Сондай-ақ стандарт шартты жасауға қосымша шығындарды және шарттың орындалуымен тікелей байланысты шығындарды есепке алуға қойылған талаптарды қамтиды.

15 ХҚЕС (IFRS) Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбеді.

(a) Тауарларды сату

Топ сатып алушылармен құрал-жабдықты сатуға жасайтын шарттар, әдетте, орындалуға жататын бір міндетті қамтиды. Топ құрал-жабдықты сатудан түсім активке бақылау сатып алушыға берілген уақыт сәтіне мойындалуы тиіс деген тұжырымға келді, бұл, әдетте, тауарлардың жеткізілуі кезінде орын алады. Тиісінше, 15 ХҚЕС (IFRS) қолдану түсімді мойындау мерзімдеріне әсерін тигізбеді.

(б) Қызметтерді көрсету

Топ орындау бойынша міндеттемелерді ай сайын орындайды және көрсетілген қызметтердің нақты көлемдеріне сүйене отырып мұнай мен газды тасымалдау қызметтерінен түскен түсімді мойындайды. Қайта өңдеу қызметтерінен және мұнай сервис қызметтерінен түскен түсім сатып алушы бір мезгілде Топ ұсынатын пайданы алатындығын және тұтынатындығын ескере отырып, уақыт өте мойындалады. 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қызметтерді көрсетуге арналған келісімшарттарға қолдану Топтың түсіміне және пайдасына немесе залалына әсерін тигізбеді.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС-ті (IAS) ауыстырады және 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алудың барлық үш аспектісін біріктіреді: жіктеу мен бағалауды, құнсыздандуды және хеджирлеуді есепке алуды. Топ перспективті негізде қолданған хеджирлеуді есепке алуды қоспағанда, Топ бастапқы қолдану күніне, 2018 жылдың 1 қаңтарына 9 ХҚЕС-ті (IFRS) ретроспективті түрде қолданды.

Топ 2017 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезең үшін салыстырмалы ақпаратты қайта есептеген жоқ және 2018 жылдың 1 қаңтарына бөлінбеген пайда және бақыланбайтын қатысу үлесі қалдығының түзетуін мойындады.

(a) Жіктеу және бағалау

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер
(жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

(а) Жіктеу және бағалау (жалғасы)

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай үлестік қаржы құралдары кейіннен пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша (ПЗАӘҚ), амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша (БЖКАӘҚ) бағаланады. Жіктеу екі критерийге байланысты болады: Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модельге және шартта көзделген қаржы құралдары бойынша ақша ағындары «тек борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлем» болып табылатындығына.

Жаңа талаптарға сай Топ борыштық қаржы активтерін былайша жіктеп, бағалайды:

- Борыштық құралдар амортизацияланған құны бойынша бағаланады, егер қаржы активтері бизнес-модельдің шеңберінде ұсталса, әрі соның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстап қалу болып табылады, әрі олар тек борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер ғана болып табылады. Топ бұл санатқа сауда және басқа да дебиторлық берешекті, байланысты тараптарға берілген қарыздар мен банк салымдарын жатқызады.
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдар Бұл санатқа Топ байланысты тараптарға берген және ендірілген туынды қаржы құралдары мен басқа да қаржы активтерінің құрамына енгізілген купондық облигацияларды қамтитын кейбір қарыздар жатады.

Топтың БЖКАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері жоқ.

Топ қаржылық кепілдік шарттарын бастапқы танылған соманың және күтілетін несиелік залалдарының бағаланған резерв сомасының ең көп өлшемі бойынша ескереді. Нәтижесінде, Топ 2018 жылдың 1 қаңтарына бөлінбеген пайда қалдығын және басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелерді 778.986 мың теңгеге түзетті.

Топтың бизнес-моделін бағалау бастапқы қолдану күніне 2018 жылдың 1 қаңтарына жүзеге асырылды, ал содан кейін мойындалуы 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тоқтатылмаған қаржы активтеріне ретроспективті түрде қолданылды. Шартта көзделген борыштық құралдар бойынша ақша ағындары тек борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер ғана болып табылғанын, бұл активтерді бастапқы мойындау сәтіне болған фактілер мен жағдайлардың негізінде жүзеге асырылғанын талдау.

(б) Құнсыздану

9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану Топ қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалдарға қатысты пайдаланатын есепке алу тәртібін түбегейлі өзгертті. 39 ХҚЕС-те (IAS) пайдаланылатын және болған залалдарға негізделген әдіс болжамды күтілетін несиелік залалдарының (КНЗ) моделіне ауыстырылды.

9 ХҚЕС (IFRS) Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік залалдардың бағалау резервін көрсетуін талап етеді.

Күтілетін несиелік залалдар ұйымға шарттарға сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ алынуын күтіп отырған барлық ақша ағындары арасындағы айырма ретінде есептеледі. Алынбай қалу кейіннен бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлеме бойынша дисконтталады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдарын есептеді. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын факторларды ескере отырып түзетілген несиелік залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ
ӨЗГЕРІСТЕР (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер
(жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

(б) Құнсыздану (жалғасы)

Басқа да борыштық қаржы активтері (байланысты тараптарға берілген қарыздар, банк салымдары және т.б.) болған жағдайда күтілетін несиелер залалдары он екі ай бұрын есептеледі. Он екі айлық күтілетін несиелер залалдары – есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын күтілетін несиелер залалдарын білдіретін бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелер залалдарының бір бөлігі. Дегенмен қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап едәуір ұлғайған жағдайда залалдардың бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелер залалдарына тең болатын сомада бағаланады.

Егер шарт бойынша төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несиелер сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шарт бойынша көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады.

9 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарын күтілетін несиелер залалдарына қатысты қолдану Топтың борыштық қаржы активтері бойынша құнсыздану залалдарына бағалау резервтерінің ұлғаюына әкеліп соқтырды. Мұндай ұлғаюдың нәтижесінде Топ 2018 жылдың 1 қаңтарына бөлінбеген пайда мен бақыланбайтын қатысу үлесінің қалдығын капиталдағы өзгерістер туралы осы аралық шоғырландырылған есепте амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтері бойынша күтілетін несиелер залалдарына түзету жасады.

2018 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке әсері:

<i>Мың теңгемен</i>	2017 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) (қайта есептелгені)	9 ХҚЕС-ке өтуден болған әсер	2018 жылдың 1 қаңтарына (аудит жасалмаған)
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді банк салымдары	48.523.034	(50.597)	48.472.437
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	3.823.629.586	(3.236.742)	3.820.392.844
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	672.448.689	(2.966.979)	669.481.710
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	17.401.423	(2.564)	17.398.859
Ағымдағы активтер			
Сауда дебиторлық берешек	467.867.255	(3.651.747)	464.215.508
<i>бастапқы құн</i>	<i>525.773.611</i>	<i>-</i>	<i>525.773.611</i>
<i>есептелген резерв</i>	<i>(57.906.356)</i>	<i>(3.651.747)</i>	<i>(61.558.103)</i>
Қысқа мерзімді банк салымдары	1.638.940.642	(42.628)	1.638.898.014
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	169.501.500	(1.643.991)	167.857.509
Өзге де ағымдағы активтер	196.110.129	(6.232)	196.103.897
<i>бастапқы құн</i>	<i>258.880.270</i>	<i>-</i>	<i>258.880.270</i>
<i>есептелген резерв</i>	<i>(62.770.141)</i>	<i>(6.232)</i>	<i>(62.776.373)</i>
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1.263.987.456	(17.191)	1.263.970.265
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Бөлінбеген пайда	3.665.191.668	(12.391.462)	3.652.800.206
Бақыланбайтын қатысу үлесі	870.017.901	(6.195)	870.011.706

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» 22 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіруде алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні ұйым алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда ұйым әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындауы тиіс. Бұл түсіндіру Топтың аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

«Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа ауыстыру» 40 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

